

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2018 жылдың 13 шілдесіндегі  
№ 22 отырыс хаттамасы)

**б е к і т і л д і**

2018 жылдың 01 қазанына бастап

**қолданысқа енгізілді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық  
жүйесінде айналысқа рұқсат етілген, қаржы  
құралдары тізімінің құрылымы туралы

**Қ А Ғ И Д А**

---

---

Алматы қ.

2018

Осы Қағида Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленіп, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) сауда-саттық жүйесінде саудалауға рұқсат етілген, қаржы құралдары тізімінің құраламан анықтайды.

## **1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР**

1. Осы Қағидада қолданылған түсініктер мен шартты белгілер келесіні білдіреді:
  - 1) **"Тізім"** – Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген (айналысқа жіберілген), қаржы құралдардың тізімі (допущенных к обращению на Бирже);
  - 2) **"Тізімнің бөлігі"** – Биржада (Биржаның сауда-саттық жүйесінде) айналысқа рұқсат етудің және олардың осындай айналысқа рұқсат етілген, қаржы құралдарының тізімінде болуының бірдей ережелері және/немесе шарттары қолданылатын, біртекті қаржы құралдарын біріктіретін, Тізімнің құрылымдық элементі.
2. Осы Қағиданың мақсаттары үшін:
  - 1) қаржы құралдарды Тізімге енгізу немесе Тізімнің бөлігіне енгізу деп олардың Биржада айналысқа жіберілуі немесе Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысына рұқсат беруді түсіну керек;
  - 2) қаржы құралдарды Тізімнен алып тастау немесе Тізімнің бөлігіненен алып тастау деп олардың Биржада айналысын тоқтату немесе Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысын тоқтатуды түсіну керек.
3. Осы Қағидада қолданылға өзге түсініктер мен шартты белгілер, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның ішкі құжаттарында анықталған, түсініктер мен шартты белгілермен бірдей.
4. Тізім қаржы құралдары жүйелендіру мақсатында, Тізімнің жеке бөліктерінде тұрған, қаржы құралдарғы қатысты Тізімге енгізу, Тізімнен шығару бойынша бірдей ережелерді және/немесе шарттарды, сондай-ақ баға белгілеу, мәмілелер жасасу, клирингі мен есептесуін жүзеге асыру ережелерінің және/немесе шарттарын қолдану үшін құрастырылады.

## **2 тарау. ТІЗІМНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

4. Тізім, келесі деңгейлерден тұратын, иерархиялық құрылымнан тұрады:
  - 1) бірінші деңгей – нарықтар;
  - 2) екінші деңгей – алаңдар;
  - 3) үшінші деңгей – секторлар;
  - 4) төртінші деңгей – санаттар;
  - 5) бесінші деңгей – секциялар.
5. Өртүрлі санаттағы Биржа мүшелеріне қаржы құралдардың жеке түрлерінің сауда-саттығына рұқсаттама беру үшін Тізімді нарықтарға бөлу түрлі тұрпаттағы қаржы құралдарын бөлудің базалық (негізгі) сегменттелуі болып табылады.
6. Тізімді алаңдарға бөлу тек қор нарығы үшін қолданылады және қаржы құралдары мен олардың эмитенттерінің түріне қарай орнатылады.
7. Тізімді секторлар мен санаттарға бөлу қаржы құралының түрі мен қасиеттерінен шыға отырып жүзеге асырылып, жеке нарықтар үшін опциондық болып табылады.

8. Тізімді секцияларға бөлу жеке секцияның қаржы құралдарына қатысты бірдей баға белгілеудің, мәміле жасасудың, клирингі мен есептесу ережелерін және/немесе шарттарын қолдану мақсаттарында орнатылған.
9. Тізімнің құрылымы осы Қағиданың қосымшасында анықталған.
10. Тізімнің жаңа бөлігі құру немесе Тізімнің қолданыстағы бөлігін жою, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгесі белгіленбесе, Биржаның Директорлар кеңесінің айрықша құзіреттілігіне жатқызылған.
11. Статистикалық мәліметтерді, талдамашылық зерттеулерді және шолуларды есептеу, соның ішінде ақпараттық және презентациялық мақсаттарда қаржы құралдардың осы Қағиданың қосымшасында анықталған, Тізімінің құрылымынан өзгеше сегменттелуі мүмкін.

### **3 тарау. ТІЗІМДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

12. Қаржы құралдарын Тізімнің жеке бөліктеріне енгізудің, олардың осы Тізімнің бөлігінде тұруының және Тізімнің бөліктерінен шығарылуының, сондай-ақ Тізімнің бір бөлігінен екінші бөлігіне ауыстырылуы (секцияға енгізу, секцияда тұру, және секциялардан шығарудан басқасы) шарттары мен тәртібі Биржаның келесі ішкі құжаттарымен:
  - 1) қор нарығы, "Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" сауда-саттық алаңдары – Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылдың 27 сәуіріндегі № 15 отырыс хаттамасы) бекітілген, Листингілік ережелермен;
  - 2) қор нарығы, "KASE Startup" сауда-саттық алаңы – Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 14 мамырындағы № 5 отырыс хаттамасы) бекітілген, KASE Startup сауда-саттық алаңына айналысқа жіберу ережелерімен;
  - 3) қор нарығы, "Private Market" сауда-саттық алаңы – Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен (2018 жылдың 13 маусымындағы № 17 отырыс хаттамасы) бекітілген, KASE Private Market сауда-саттық алаңына қаржы құралдарды айналысқа жіберу ережелерімен;
  - 4) қор нарығы, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторы – Биржалық кеңестің шешімімен (2014 жылдың 11 наурызындағы № 12 отырыс хаттамасы) бекітілген, Бағалы қағаздарды "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторында айналысқа жіберу ережелерімен;
  - 5) валюталық нарық, деривативтер нарығы – Биржаның Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылдың 14 желтоқсанындағы № 30 отырыс хаттамасы) бекітілген, Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелерімен белгіленеді.
13. Қандай да бір атаудағы қаржы құралын Тізімнің қандай да бір бөлігіне енгізу осы атаудағы қаржы құралын Тізімге енгізу болып табылады.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралын Тізімнің қандай да бір бөлігінен шығару (қандай да бір секциядан алып тастауды қоспағанда) осы атаудағы қаржы құралын Тізімнен шығару болып табылады.
14. Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары, баға белгілеу, мәмілелер жасасу, клирингі және осы атаудағы қаржы құралдары бойынша есептесу шарттарына қарай, бір немесе бірнеше секцияға енгізілуі мүмкін.

Қандай да бір атаудағы қаржы құралдары екі және одан аса секцияға енгізілсе, әр секцияда осы атаудағы қаржы құралдарының бөлек, олар, Биржа Басқармасының шешімімен (2017 жылдың 01 наурызындағы № 20 отырыс хаттамасы) бекітілген, "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерін және олардың шоттарын, қаржы құралдарын және бағалы қағаздар эмитенттерін кодтау тәртібі туралы нұсқаулыққа сәйкес, сауда-саттық кодтары берілуі тиіс.

15. Қандай да бір секцияға қаржы құралын енгізу, олардың осында болуы және секциялардан шығару шарттары мен тәртібі Биржаның келесі ішкі құжаттарында (осы Қағиданың 16-18 тармақтарын ескере отырып):
  - 1) "Т+2 теңгемен және "Т+2 АҚШ долларымен" секциясы – Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қымметті жүзеге асыратын, қаржы құралдарының тізіміне қаржы құралдарды енгізу тәртібімен (2016 жылдың 16 маусымындағы № 60 отырыс хаттамасы);
  - 2) "Тікелей репо" секциясы – Биржалық кеңестің шешімімен (2012 жылдың 29 ақпанындағы № 4 отырыс хаттамасы) бекітілген, Репо операцияларын жүзеге сыру ережелері;
  - 3) "кейбір БҚ-мен авторепо", "МБҚ себетімен авторепо" және "ББҚ себетімен авторепо" секциялары – Биржа Басқармасының шешімімен (2016 жылдың 16 маусымындағы № 60 отырыс хаттамасы) бекітілген, Автоматты репо нарығының маманданымы;
  - 4) "теңгедегі неттингпен репо" және "АҚШ долларындағы неттингпен репо" секциялары – Биржа солармен жасалған мәмілелер бойынша клирингтік қымметті жүзеге асыратын, қаржы құралдарының тізіміне қаржы құралдарды енгізу тәртібімен (2016 жылдың 16 маусымындағы № 60 отырыс хаттамасы);
  - 5) "Спот" және "Своп" секциялары – Директорлар кеңесінің шешімімен (2017 жылдың 14 желтоқсанындағы № 30 отырыс хаттамасы) бекітілген, Биржалық қызметті жүзеге асыру ережелерімен белгіленеді.
16. "Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" сауда-саттық алаңдарының барлық бағалы қағаздары және, егер өзгесі Биржа Басқармасының шешімімен белгіленбесе, "Листингтік емес бағалы қағаздар" секторының бағалы қағаздары "Т+0 теңгемен" секторына енгізілді деп саналады.
17. "KASE Startup" және "Private Market" сауда-саттық алаңының барлық қаржы құралдары Тізімге енгізілген сәттен бастап "ЖШС үлестері" секциясына енгізілді деп саналады.
18. Деривативтер нарығының барлық қаржы құралдары Тізімге енгізілген сәттен бастап "Фьючерстер" секциясына енгізілді деп саналады.

#### **4 тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР**

19. Осы Қағида Биржаның интернет-сайтында жариялануға жатады.
20. Осы Қағидаға уақытылы өзгертулерді және/немесе толықтыруларды енгізу (актуалдылану) бойынша жауапкершілік Биржа Басқармасына жүктеледі.
21. Осы Қағида қажетіне қарай, бірақ үш жылда 1 реттен кем емес, актуалдыланып отыруы тиіс

Басқарма Төрайымы

А.Ө. Алдамберген

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген,  
қаржы құралдары тізімінің құрылымы туралы қағида**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген, қаржы құралдарының тізімін қалыптастыру қағидаға

**ҚОСЫМША**

**Биржаның сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген қаржы құралдары тізімінің  
ҚҰРЫЛЫМЫ**

1 кесте. Тізімді нарықтарға, алаңдарға, секторларға және санаттарға бөлі (Тізімнің бірінші–төртінші деңгейлері)

№ р/с	Деңгей-дің атауы	Тізімнің құрылымдық элементтерінің атаулары																		
		2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	
1.	Гарыққ	Қор															Валюта	Деривативтер		
2.	Алаң	Негізгі				Альтернативті			Аралас					KASE Startup	Private Market					
3.	Сектор	Акциялар		Борыштық бағалы қағаздар		Акциялар		Борыштық бағалы қағаздар		Мемлекеттік бағалы қағаздар	Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	Инвестициялық қорлардың пайлары	Туынды қаржы құралдары	Депозиттік сертификаттар		Листингтік емес бағалы қағаздар		Валюталық туынды қаржы құралдары	Қор туынды қаржы құралдары	
4.	Санат	Премиум	Стандарт	Облигациялар	Коммерциялық облигациялар		Облигациялар	Коммерциялық облигациялар												

Кестеге ескерту:

"Негізгі", "Альтернативті" және "Аралас" сауда-саттық алаңдары, сондай-ақ, кестенің 3 және 4 жолдарының 1-13 бағандарында белгіленген, осы алаңдардың құрамына кіретін құрылымдық элементтер Биржаның ресми тізімін құрайды.

**"Қазақстан қор биржасы" АҚ сауда-саттық жүйесінде айналысқа рұқсат етілген,  
қаржы құралдары тізімінің құрылымы туралы қағида**

2 кесте. Тізімнің секцияларға (Тізімнің бесінші деңгейі) бөлінуі

<b>№ р/с</b>	<b>Секцияның атауы</b>	<b>Қаржы құралдары секцияға енгізілуі мүмкін, Тізімнің құрылымдық элементтерінің атауы</b>
<b>А</b>	<b>1</b>	<b>2</b>
<b>I. Қор нарығы</b>		
1.1.	Т+0 в теңге	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторының бағалы қағаздары
1.2.	Т+2 в теңге	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторының бағалы қағаздары
1.3.	Т+2 АҚШ долларымен	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары
1.4.	Тікелей репо	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары
1.5.	Авторепо с отдельными ЦБ	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары
1.6.	МБҚ себетімен авторепо	"Мемлекеттік бағалы қағаздар" және "Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары" секторларының бағалы қағаздары
1.7.	МБҚ себетімен авторепо	Ценные бумаги площадок "Негізгі", "Альтернативті"
1.8.	Теңгедегі неттингпен репо	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторының бағалы қағаздары
1.9.	АҚШ долларындағы неттингпен репо	"Негізгі", "Альтернативті", "Аралас" алаңдарының бағалы қағаздары, "Листингілік емес бағалы қағаздар" секторының бағалы қағаздары
1.10.	ЖШС үлестері	"KASE Startup" және "Private Market" алаңдарының қаржы құралдары
<b>II. Валюталық нарық</b>		
2.1.	Спот	Валютылақ нарықтың қаржы құралдары
2.2.	Своп	Валютылақ нарықтың қаржы құралдары
<b>III. Деривативтер нарығы</b>		
3.1.	Фьючерстер	Деривативтер нарығының қаржы құралдары